АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
«ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ» МКҚК
«СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ АТЫНДАҒЫ
№37 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ» ШЖҚ МКК

Байқас Болат Бақытбекұлы

МЕКТЕП МУЗЕЙІНДЕ ТҰЛҒАТАНУДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ

әдістемелік құрал

© Авторлық құқық куәлігі № 79904, 20.10.2026 ж.
(«Сырбайтану» цифрлық музейі және интерактивті жұмыс дәптерлері кешені)

Астана, 2026 жыл

Астана қаласы әкімдігінің «Сырбай Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК әдістемелік отырысында қаралып, қалалық оқу-әдістемелік кеңестің сараптамалық кеңесіне ұсынылды (2026 жылғы 28 тамыздағы №2 хаттама).

Рецензенттер:

- Қ.С. Мәуленов — IITU, профессор, заң ғылымдарының докторы;
- М.Ж. Билял — «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні мұғалімі, зерттеуші;
- А.Ғ. Омарова — «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні мұғалімі, зерттеуші.

Құрастырушы: Байқас Болат Бақытбекұлы. Мектеп музейінде тұлғатануды жүргізудің заманауи әдістері: әдістемелік құрал. — Астана, 2026.

Аңдатпа

Бұл әдістемелік құралда мектеп музейінде тұлғатану жұмысын ұйымдастырудың заманауи әдіс-тәсілдері, музейдің тоғыз тақырыптық бұрышының мазмұны, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының алты бағытына сәйкес жүргізілетін жұмыс түрлері, сондай-ақ оқушылардың жас ерекшелігіне сай әзірленген жұмыс дәптерлерінің (жолнұсқаулықтардың) нақты әдістемелік мазмұны баяндалады.

Құрал бастауыш (3–4 сынып), негізгі орта (5–9 сынып) және жалпы орта (10–11 сынып) білім беру деңгейлеріне арналған үш деңгейлі жұмыс жүйесін қамтиды: «Тап → Таны → Жаз», «Ойна → Ойла → Біл» және «Зертте → Жаса → Ұсын» әдістемелік модельдері. Әр деңгейдегі жұмыс дәптерлерінің нақты тапсырмалары, сайттағы цифрлық ойындармен және ЖИ құралдарымен (оқушы үшін — ChatGPT, Gemini, Google Vids, Suno AI; мұғалім үшін — Higgsfield AI, Google Flow) жұмыс істеу тәртібі, жасанды интеллект құралдарын сыни тұрғыда әрі жауапты пайдалану дағдылары әдістемелік тұрғыдан талданады.

Құрал мектеп музейінің жетекшілеріне, сынып жетекшілеріне, әдебиет пәні мұғалімдеріне, тәрбие ісі жөніндегі меңгерушілерге әдістемелік көмекші ретінде ұсынылады.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....**4**

І БӨЛІМ. МЕКТЕП МУЗЕЙІНДЕ ТҰЛҒАТАНУ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЖАЛПЫ ҚАҒИДАТТАРЫ.....**5**

1.1. Мектеп музейін ұйымдастырудың жалпы ережелері.....5

1.2. Мақсаты мен принциптері.....5

1.3. Әдеби музейдің кәсіби бағыттылығы және музей-педагогтың міндеттері.....5

1.4. Музей қоры, «Қонжық» символы және электрондық кітапхана.....5

1.5. Жолбасшылар.....6

1.6. Музейдің тоғыз тақырыптық бұрышы.....6

1.7. Тақырыптық бұрышты дайындау ережелері.....8

1.8. Ақын өлеңдерін «Адал азамат» бағдарламасының алты бағытына топтастыру.....8

ІІ БӨЛІМ. ЖАС ЕРЕКШЕЛІГІНЕ СӘЙКЕС ЖҰМЫС ДӘПТЕРЛЕРІ АРҚЫЛЫ ТҰЛҒАТАНУ ӘДІСТЕМЕСІ.....**10**

2.1. Деңгейлік жұмыс дәптерлерінің жалпы логикасы.....10

2.2. Бастауыш білім беру деңгейі: «Тап → Таны → Жаз».....10

2.3. Негізгі орта білім беру деңгейі: «Ойна → Ойла → Біл».....11

2.4. Жалпы орта білім беру деңгейі: «Зертте → Жаса → Ұсын».....13

2.5. Үш деңгейдің қорытынды салыстырмалы кестесі.....15

ІІІ БӨЛІМ. МУЗЕЙДІ ОҚУ ҮДЕРІСІНЕ КІРІКТІРУ ЖӘНЕ «ҚЫЗЫҚТЫ ҚОҢЫРАУ» ЖОБАСЫ.....**16**

3.1. Музейдің білім беру кеңістігіне интеграциясы.....16

3.2. «Қызықты қоңырау» жобасы.....17

3.3. Жасанды интеллект арқылы «Қызықты қоңырауды» өткізу.....18

IV БӨЛІМ. МУЗЕЙДІ БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНЕ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ.....**19**

4.1. Музейдің оқу-тәрбие процесіне кірігуі.....19

4.2. Оқушы жобалары.....19

4.3. Ғылыми-практикалық конференциялар мен байқаулар.....19

4.4. Музейдің цифрлық платформасы (веб-сайт).....20

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР.....**22**

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....**22**

ҚОСЫМШАЛАР. СІЛТЕМЕЛЕР ЖИНАҒЫ.....**23**

КІРІСПЕ

Бүгінде еліміздегі мектептердің басым бөлігі көрнекті тарихи тұлғалардың — мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, ақын-жазушылардың, ағартушы-ғалымдардың, өнер қайраткерлерінің, еңбек ардагерлері мен халық қаһармандарының есімімен аталады.

Тұлғатану — белгілі бір адамның өмірі, шығармашылығы, азаматтық ұстанымы арқылы оқушыда құндылық бағдар қалыптастыратын педагогикалық процесс. Сырбай Мәуленовтің (1922–1993 жж.) өмір жолы — соғыс, еңбек, әдебиет майданында шыңдалған қазақ азаматының үлгісі, сондықтан оның мұрасы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының алты бағытымен органикалық түрде сабақтасады.

Тәуелсіз Қазақстанның рухани мұрасын жас ұрпаққа жеткізуде мектеп музейлерінің алатын орны ерекше. Мектеп музейі — тек экспонаттар сақталатын орын емес, оқушының тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін тірі тәрбие кеңістігі. «Сырбай Мәуленов» әдеби музейі 2022 жылдан бастап №37 мектеп-лицейінің рухани-тәрбие жұмысының өзегіне айналды.

Шын мәнінде, мектеп музейі — тұлғатану жұмысын кешенді әрі жүйелі жүргізуге қабілетті білім беру кеңістігі. Оны бүкіл оқу жылы бойы оқушының тұрақты келуін ұйымдастыратын алаңға айналдыруға болады. Осылайша музей тарихи жәдігермен етене танысуға, ақпарат жинау мен зерттеу қабілетін дамытуға, кәсіптік бағдар алуға және музей ісі мамандығының қыр-сырын үйренуге көмектеседі.

Заманауи білім беру жағдайында тұлғатану жұмысы дәстүрлі экскурсиялық форматтан цифрлық, интерактивті, зерттеушілік форматқа көшуде. Осы құралда ұсынылған әдістеме дәл осы өзгерісті — оқушының музей материалымен енжар танысудан белсенді зерттеу, талдау және шығармашылық өнім жасау субъектісіне айналуын — көздейді.

Құралдың әдістемелік негізін үш жұмыс дәптері құрайды: олар жас деңгейіне сай құрастырылған, өз ішінде дербес әдістемелік логикаға ие.

Бастауыш сынып оқушылары үшін «Тап → Таны → Жаз»;

Негізгі орта буын үшін «Ойна → Ойла → Біл»;

Жоғары сынып оқушылары үшін «Зертте → Жаса → Ұсын» моделі қолданылады.

Бұл үштік — қарапайымнан күрделіге, қабылдаудан талдауға, талдаудан жасампаздыққа қарай сатылы өрлеу қағидатына негізделген.

І БӨЛІМ. МЕКТЕП МУЗЕЙІНДЕ ТҰЛҒАТАНУ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЖАЛПЫ ҚАҒИДАТТАРЫ

1.1. Мектеп музейін ұйымдастырудың жалпы ережелері

«Сырбай Мәуленов» әдеби музейі №37 мектеп-лицейінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады және Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы музей қызметін реттейтін нормативтік құжаттар негізінде жұмыс істейді. Музей қоры, экспозициясы және іс-қағаздары мектеп директорының бұйрығымен бекітілген музей кеңесінің басшылығымен жүргізіледі.

1.2. Мақсаты мен принциптері

Музейдің басты мақсаты — оқушыларда өлкетанымдық, әдебиеттанымдық білім негізінде отансүйгіштік, адамгершілік және азаматтық құндылықтарды қалыптастыру. Жұмыс мына принциптерге сүйенеді: тарихи деректілік, жүйелілік, жас ерекшелігіне сәйкестік, белсенді қатысу, цифрлық сауаттылықты дамыту.

1.3. Әдеби музейдің кәсіби бағыттылығы және музей-педагогтың міндеттері

Әдеби музей жалпы тарихи-өлкетану музейінен өзгеше — оның негізгі объектісі жазушы тұлғасы мен оның мәтіндері. Музей-педагог (музей жетекшісі) мынадай міндеттерді атқарады: қорды ғылыми есепке алу және сақтау; экскурсиялық және тәрбиелік бағдарламаларды әзірлеу; жас гидтерді (оқушы-гидтерді) даярлау; цифрлық жобаларды (е-кітапхана, QR-код жүйесі) жүргізу; «Адал азамат» бағдарламасымен үйлестіру.

1.4. Музей қоры, «Қонжық» символы және электрондық кітапхана

Нағыз музей қалыптастыру оңай емес — ұстаз бен жолбасшының ғылыми дайындығы қажет. Музей қорынан экспозиция, көрме және тақырыптық бұрыш жасалады. Қор экспедиция барысында немесе сыйға алу, иесімен келісу арқылы толығады. Әдеби музейдің негізгі қорына ақынның қолданған кітаптары, қолтаңбалы басылымдар, өлең көшірмелері, құжаттар, фотосуреттер, қолжазба, хаттар, куәліктер, дипломдар жатады. Майдангер ақын музейі соғыс қару-жарағын, ордендер мен төсбелгіні, әскери киім мен жеке затты жинайды. Қосымша қорды көшірме, макет, муляж, карта, сызбанұсқа, диаграмма, кесте құрайды.

«Қонжық» — экскурсияның басты кейіпкері әрі музейдің бойтұмары. Бұл таңдаудың терең негізі бар: ақынның тайпасы — арғын, руы — Аю.

Ақынның балалары үшін «Қонжық» ең сүйікті жұмсақ ойыншық болған. Жолбасшы «Қонжықты» ұстап, әр бұрышты таныстырады, содан соң оны келесі жолбасшыға табыстайды.

Музейдің электрондық кітапханасы QR-кодтар арқылы қолжетімді және ақынның кітаптары, аудио-бейне материалдары, ғылыми мақалалары топтастырылған. Электрондық кітапхана — тек қосымша ресурс емес, ол жұмыс дәптерлерінің құрамдас бөлігі: оқушылар маршруттың соңында е-кітапханадағы материалдармен танысу тапсырмасын орындайды.

1.5. Жолбасшылар

Мектеп музейінің оқу-тәрбиелік маңызы — оқушының әлеуметтенуінде. Жолбасшы жәдігер тарихын біліп, оны әртістік шеберлікпен, эмоционалды реңкпен баяндай алуы қажет; даусының ашықтығы мен дикциясы ескеріледі. Бекітілген жолбасшы тақырыптық мәтінді жатқа айтады. Музей мұғалімі жолбасшыны үйрете отырып, оның көмегімен келушіні оқытады: жолбасшы үйрене отырып, өзгені үйретеді. Оның еңбегі кері байланыс арқылы бағаланады.

1.6. Музейдің тоғыз тақырыптық бұрышы

«Сырбайдың сырлы әлемі» әдеби музейінде тоғыз тақырыптық бұрыш бар (музей залы мен сегіз тематикалық бұрыш). Әр бұрышқа жауапты жолбасшы бекітіліп, ол жәдігерлерді тақырыптық мәтін бойынша таныстырады. Негізгі әдістемелік қағида — «бір сабақ — бір тақырыптық бұрыш». Жәдігерлер тарихи-хронологиялық принцип бойынша орналасады.

«Қабырғалар сөйлейді» (музей залы)

Музей залы: мектеп пен музей тарихы, ақынның портреттері, шежіре суреттер, 100 жылдық мерейтой банері, самаурын және QR-электронды кітапхана. Мектеп 1993 жылы 1 қаңтарда ашылып, 2003 жылы ақын Сырбай Мәуленов есімі берілген; музей 2017 жылы 2 қыркүйекте ашылған. Ашылу салтанатына ақынның немересі Арлан Газизұлы мен келіні Арай қатысқан. Мұнда ақтөбелік суретші Есет Исмайлов (2003 ж.) пен мектеп оқушысы Ажар Нұғалиеваның (7-сыныпта) салған портреттері, ақынның замандас қаламгерлермен, ұлы Қасым Мәуленовпен, жазушы Қасым Қайсеновпен түскен суреттері, зайыбы Күлжамал апай қонақтарға шәй құйған самаурын және бойтұмар «Қонжық» орналасқан.

«Сырда туып, Қырда өстім»

Ақынның туған жері, отбасы және соғысқа дейінгі өмір жолына қатысты тарихи құжаттар. Ақын 1922 жылы 17 қыркүйекте Сыр бойында дүниеге келген; отбасы 1923 жылы Торғайға қайта көшіп, 1932 жылы Сырға оралған — халықтың оны «біресе Сырдікі, біресе Қырдікі» деуі осыдан. Құжаттардан әкесі Мәулен, анасы Алмагүл екенін білеміз (тайпасы — арғын, руы — Аю; атасы Тай ірі тұлғалы, жау жүрек адам болған).

Отбасылық суретте ақынның жары Күлжамал мен балалары бейнеленген. Мұнда ақын есімін мәңгілік есте қалдыру деректері де берілген: 1991 жылы «Қостанай қаласының құрметті азаматы» атағы, 2024 жылы Астана қаласындағы көшеге есімі берілген; Қостанай өңірінде Сырбай Мәуленов атындағы №24 мектеп-гимназиясы жұмыс істейді.

«Соғыстан қайтқан солдаттар»

Қан майданда қару ұстаған қазақстандық қаламгерлердің суреттері мен есімдері: Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллин, Қасым Қайсенов, Қасым Аманжолов, Ілияс Есенберлин, Сырбай Мәуленов. Ұлы Қасымның айтуынша, батыр Бауыржан Момышұлы ақынға телефон шалып: «Аю, медведь, встать!» — деп қалжыңдайды екен. Бұрышта ақынға берілген медальдар мен ордендердің көшірмелері, куәліктер жинақталған: «Ленинград қаласын қорғағаны үшін» медалінің көшірмесі, «Ұлы Отан соғысындағы ерен еңбегі үшін» (1941–1945), «Германияны жеңгені үшін», Жеңістің 20 және 30 жылдығы медальдары.

«Әдебиет майданы»

Ақынның «Большевиктік жол» (1943–1949, Қостанай) және республикалық «Қазақ әдебиеті» газеттеріндегі қызметінің құжаттары. Мұнда 1977 жылы 27 сәуірде шығармашылық жұмысқа ауысуына байланысты редактор лауазымынан босату туралы бұйрық (жазушы Сайын Мұратбеков қол қойған), Мемлекеттік сыйлық лауреаты дипломы, Мәскеуде өткен декадаға қатысқаны жайлы анықтама, жазушы куәлігі мен партиялық билеті, «Тың жерлерді игергені үшін» медалі, Украина Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасы сақталған. Сондай-ақ майдандас достарынан келген хаттар қойылған: хат авторларының түрлі ұлт өкілдері болуы ақынның интернационалист жауынгер болғанын дәлелдейді.

«Қолтаңбалы кітаптар»

Авторлық қолтаңбасы бар кітаптар: Дихан Әбілов, Қабдеш Жұмаділов, Мұхтар Мағауин, Сайын Мұратбеков, Рымғали Нұрғалиев, Кәкімбек Салықов, т.б. қаламгерлердің шығармалары. Мұнда шетелдік жазушылардың сыйы (татар жазушысы Ләбиба Ихсановаңың кітабы), замандасы Қасым Аманжоловпен және орыс ақыны Евгений Евтушенкомен (1974 ж.) түскен фотосуреттер қойылған.

«Сыршыл ақын Сырбай»

Ақынның әр жылдары жарық көрген 14 кітабы (барлығы 40-қа жуық жинақтың авторы) мен өмірінен сыр шертетін фотосуреттер. Мұнда ұлы Қасым Мәуленовпен (ғалым, академик-жазушы) бірге түскен суреттер бар. Ақын дауылпаз ақын Қасым Аманжоловты қатты құрметтеп, ұлына оның есімін берген.

«Өмірден қалған естеліктер»

Ақынның пайдаланған жеке заттары. Ішіндегі ең қадірлісі — саусақ табы қалған «Прогресс» жазу машинасы. Сонымен қатар көзілдірік қабы, қалта

және қол сағаттары, майдангерлігін көрсететін бес жұлдызды шлем мен пилотка, соғыс жылдарында майдандастарымен түскен суреттер топтастырылған фотоальбом қойылған.

«Ақын жайлы мақалалар»

Ақынды көзкөрген қаламгерлердің естелік эсселері мен әңгімелері: Ұлықбек Есдәулеттің «Асқар тауға айналған ақын», Мұзафар Әлімбаевтың «Заңғардың зәулімдері», Қоғабай Сәрсекеевтің «Өттің дүние дөңгеленіп» шығармалары, ұлы Қасым Мәуленовтың «И жизнь моя благодаря отцу» естелігі, сондай-ақ Серік Қирабаев, Жұбан Молдағалиев, Әбділда Тәжібаев, Тауман Амандосов секілді ғалымдар мен қаламгерлердің әдеби-сын мақалалары мен пікірлері.

«Сырбайтану жұмыстары»

Ақын мұрасын мәңгілік есте қалдыру жұмыстары мен мектептің Сырбайтану бағытындағы ізденістері: қалалық «Сырбай оқулары» байқауы мен семинарлардың материалдары, баяндамалар, талантты оқушылардың арнау өлеңдері, бастауыш буынға арналған «Сырбайтану» курсының әдістемелік құралдары. Бүгінгі Сырбайтану ісін «Сырбайтану» үйірмесінің оқушылары жасанды интеллект құралдарымен жалғастырады; ол жұмыстар музейдің электронды кітапханасында және сайтта қойылған.

Барлық бұрыштың толық гид мәтіні мен жәдігер сипаттамасы музейдің цифрлық қорында сақталған: музей сайты — «Тақырыптық бұрыштар».

1.7. Тақырыптық бұрышты дайындау ережелері

Жиналған жәдігерді оқу-тәрбие жұмысында ретімен пайдалану үшін оны мазмұны бойынша топтап, тақырыптық бұрышқа бөлеміз. Әдеби музей жәдігерін топтастырудың жеті ережесі бар:

1. **Тақырыптық бірлік** — әр бұрыш нақты бір тақырыпты ғана ашады.
2. **Хронологиялық реттілік** — жәдігер ақынның туған күнінен бүгінгі естелікке дейінгі уақыт тізбегімен орналасады.
3. **Орталық экспонат** — назарды бірден аударатын басты жәдігер (түпнұсқа кітап, портрет, жеке зат) ортада тұрады.
4. **Көрнекілік деңгейі** — экспонат бала бойына лайық, көз деңгейінде (шамамен 1,2–1,6 м биіктікте) орналасады.
5. **Ақпараттық анықтық (этикетаж)** — әр жәдігердің астында оның не екені, жылы мен маңызы туралы қысқа мәтін болады.
6. **Заттық және құжаттық тепе-теңдік** — қағаз бен суретке тұрмыстық затты араластыру арқылы «жанды» бейне жасалады.
7. **Қауіпсіздік пен эстетика** — түпнұсқа құжат күн сәулесінен қорғалып, витринаға салынады; фон бейтарап (ашық) түсті болады.

1.8. Ақын өлеңдерін «Адал азамат» бағдарламасының алты бағытына топтастыру

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Адал адам — Адал

еңбек — Адал табыс» атты Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында алты негізгі құндылықты айқындады. Осы құндылық негізінде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы әзірленді. Музей мұғалімі оқушымен бірлесе отырып Сырбай Мәуленовтің шығармаларын осы алты бағытқа топтастырады; толық топтама QR-код арқылы электронды түрде беріледі. Ресми деректемеге сай бағыттар бойынша өлең саны: 15 — 12 — 12 — 15 — 13 — 12.

№	Тәрбие бағыты	Топтамадағы өлеңдер (негізгілері)	Саны
1	**Тәуелсіздік және отаншылдық**	Соғыс жолы; Өшпес даңқ; Қоңырау қағылды; Майдан жолында; Туған ел; Қайтармыз Қазақстанға; Шекара; Туған жермен сырласу; «Торғай, сенің кішкене өзенің…»; Туған жерге ода; Шекара түні; Қайта қара мына туған жеріне; Партизан; Еркіндіктің ең соңғы ұлы.	**15**
2	**Бірлік және ынтымақ**	Мектеп; Жалғас жүрек; Майдандас досқа хат; Тәтті көрші, тату дос; Қуаныш; Бақытты біздің балалық; Дос сыры; Қарттық пен жастық; Адам қуаты; Құрдасқа; Күн екіге бөлінбес; Қасым.	**12**
3	**Әділдік және жауапкершілік**	Ана кегі; Әділдік; Адалдық; Өсиет; Солдат жесірі; Көңіл білдіру; Сенім; Полковник командирі; Қабірі белгісіз досқа; Адам өлмейді; Аманат; Өмір өзегі.	**12**
4	**Заң және тәртіп**	Ереже; Шаңқай түс; Секунд; Сағат; Мүслима; Календарь парақтары; Сия сауыттың паспорты; «Ерте тұрып, кеш жатамын»; Қылмыс; Нәзіктік; Солдат пен құс; Аманат; Берді ағаның сөзі; Астана мерекесі; Сенім.	**15**
5	**Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік**	Диқан; Көше сыпырушы; Өмір жолы; Талант; Редактор; Алматының алмасы; Құрылысшы қыз; Тас қалаушының жыры; Комбайншының баласы; Бидай туралы баллада; Шеберлер; Орманшы; Малшы.	**13**
6	**Жасампаздық және жаңашылдық**	Жыр жолы; Ізгілік; Жыр көктемі; Дауыл мен жауын; Поэзия; Өлең жазар алдында; Алғашқы адым; Бақыты үшін баланың; Жаңа туған ай; Суретші; Скульптор; Ардагер азаматтар.	**12**

Топтаманың толық электронды нұсқасы (QR-код) музейдің цифрлық қорында берілген: музей сайты — «Адал азамат» кестесі.

II БӨЛІМ. ЖАС ЕРЕКШЕЛІГІНЕ СӘЙКЕС ЖҰМЫС ДӘПТЕРЛЕРІ АРҚЫЛЫ ТҰЛҒАТАНУ ӘДІСТЕМЕСІ

2.1. Деңгейлік жұмыс дәптерлерінің жалпы логикасы

Музейдегі тұлғатану жұмысы үш дербес, бірақ бір-бірімен сабақтас әдістемелік модель арқылы жүзеге асады. Әрбір модель — өз алдына толыққанды жұмыс дәптері (жолнұсқаулық) түрінде рәсімделген, нақты тапсырмалар мен құралдарға негізделген, өлшенетін нәтижеге бағытталған жүйе:

Деңгей	Дәптер атауы	Әдістемелік модель
3–4 сынып (бастауыш)	«Алақай! Музейде балақай»	Тап → Таны → Жаз
5–9 сынып (негізгі орта)	«Сырбай әлемі»	Ойна → Ойла → Біл
10–11 сынып (жалпы орта)	«Зерттеуші емес — мазмұн жасаушы»	Зертте → Жаса → Ұсын

Үш модельдің ортақ қағидаты — оқушыны музей материалымен енжар танысудан бастап, өз деңгейіне сай белсенді әрекетке (ойын, талдау, зерттеу, шығармашылық өнім) көшіру. Төмендегі тарауларда әр деңгейдің нақты тапсырмалары, цифрлық құралдары және бағалау тәсілдері жеке-жеке ашылады.

2.2. Бастауыш білім беру деңгейі (3–4 сынып): «Тап → Таны → Жаз»

Бастауыш сынып оқушыларына арналған «Алақай! Музейде балақай» жұмыс дәптері «Қонжық» кейіпкерінің бастауымен өтеді: аю балақай әр бетте оқушыны келесі бұрышқа бағыттап, тапсырма береді. Модель үш қадамнан тұрады: Тап (бұрыштан керекті затты/құжатты тауып, байқау), Таны (оны мұқият қарап, сипаттамасын оқу), Жаз (шағын, шығармашылық жазба түрінде бекіту).

Маршрут құрылымы

Маршрут музей залына кіре беріс бұрышынан («Қабырғалар сөйлейді») басталады, әр тақырыптық бұрыш арқылы өтіп, соңында қайта осы бұрышқа — электрондық кітапхана тапсырмасына — оралады. Әр аялдамада оқушы дәптердегі тиісті бетті толтырады.

Тапсырма үлгілері

- «Қолтаңбалы кітаптар» бұрышында — акростих-крестсөз: «ҚОЛТАҢБАЛЫ» сөзінің әр әрпіне сәйкес ұяшыққа кітап атауымен байланысты сөз жазу;
- «Сыршыл ақын Сырбай» бұрышында — «КІТАПТАР» акростих-крестсөзі: ақынның кітап атауларынан құралған сөзжұмбақ;
- «Сырда туып, Қырда өстім» бұрышында — «Ақын портретін жина» синквейні: оқушы бес жолдық синквейн арқылы ақынға сипаттама береді (1-жол — кім?, 2-жол — қандай?, 3-жол — не істеді?, 4-жол — ақын туралы сөйлем, 5-жол — синоним); «Сырбайтану жұмыстары» бұрышында «Сырбай» сөзіне екінші синквейн құрастырылады;
- «Ақын жайлы мақалалар» бұрышында — «Кім не деді?» сәйкестендіру тапсырмасы: оқушы эссе атаулары мен пікірлерді авторларымен (Қ. Мәуленов, С. Қирабаев, Ұ. Есдәулет, М. Әлімбаев, Т. Амандосов, Қ. Сәрсекеев) сызық арқылы қосады;
- «Өмірден қалған естеліктер» бұрышында — затты сипаттау және «Бұл зат маған нені айтып тұр?» сұрағына жазбаша жауап беру;
- Маршрут соңында, электрондық кітапхана бұрышында — QR-кодты сканерлеп, қысқа бейнематериалды көру және «Мен не білдім?» рефлексия парағын толтыру.

Педагогикалық мақсаты

Бұл деңгейде негізгі міндет — оқушыда музейге деген қызығушылық пен алғашқы эмоционалды байланыс қалыптастыру, заттық-бейнелі ойлауды дамыту, қарапайым жазба дағдыларын (синквейн, қысқа сипаттама) бекіту.
«Қонжық» бейнесі оқушыны қорқытпай, ойын элементі арқылы тарихи материалмен таныстырудың педагогикалық құралы болып қызмет етеді.

2.3. Негізгі орта білім беру деңгейі (5–9 сынып): «Ойна → Ойла → Біл»

«Сырбай әлемі» жұмыс дәптерінің ерекшелігі — тапсырмалардың басым бөлігін 10–11 сынып оқушы-гидтері дайындайды. Бұл тәсіл «оқушы оқушыға үйретеді» қағидатын іске асырып, аға буынға да, кіші буынға да бірдей тәрбиелік әсер етеді.

Ойна: цифрлық ойындар арқылы танысу

Оқушылар музей сайтындағы «Сабақта ойналатын ойындар» блогынан үш тапсырманы ашады. Тіркелу де, код та қажет емес: әр оқушы «Ойнау» батырмасын басып, телефоннан немесе компьютерден жеке ойнайды:

- «Сәйкестендіру» — өлең үзінділерін тиісті көркемдегіш құралымен (эпитет, теңеу, метафора, кейіптеу) сәйкестендіру ойыны;
- «Топтастыру» — «Сырда туып, Қырда өстім» тақырыбына арналған ойын: сөздер мен сөз тіркестерін «Сырда туып» және «Қырда өстім» санаттарына бөлу;
- «Экспресс-викторина» — ақынның өмірі мен шығармашылығы бойынша уақытқа шектелген викторина.

Осы негізгі үш тапсырмадан бөлек, 10–11 сынып оқушылары ЖИ құралдарының көмегімен қосымша интерактивті викториналар мен жаттығулар құрастырады — бұл оқушы-гидтердің өз бетінше цифрлық мазмұн жасау дағдысын дамытады және кіші сыныптарға арналған ойын банкін үнемі толықтырып отырады. Барлық дайын ойын музей сайтында бір жерде жинақталған.

«Сырбай әлемі — бір шығарма, бір ойын» сериясы. Әр ойын ақынның бір шығармасы бойынша дайындалады: оқушы ойынды жеке ойнап, шығарманың атын, мазмұнын, құндылығын және теориялық мәліметтерін алады. Барлық ойынның негізгі құрылымы үш кезеңнен тұрады: «Құндылықты тап», «Өлең құрылысын талда», «Тропты тап». Толық авторлық мәтін ойында көшірілмейді — оған Adebiportal.kz сілтемесі беріледі. Қазір сайтта «Құлын», «Түбірлер» және «Барлаушы бала» өлеңдері бойынша үш ойын, сондай-ақ бала Амангелді туралы әңгімелер бойынша 5 кадрлы бес «Құпия сандық» ойыны бар; оларды 5–9 сынып оқушылары жеке ойнайды.

Ойла: сыни талдау кезеңі

- «Құндылықты таны» — өлең үзіндісін оқып, оның «Адал азамат» бағдарламасының қай бағытына сәйкес келетінін анықтау;
- «Әдеби зертхана» — формалды әдеби талдау парағы: жанр, ұйқас түрі, өлшем (метр), негізгі троп түрлерін анықтап, кестеге толтыру.

Біл: білімді бекіту және өзін-өзі бағалау

- «Біліміңді дәлелде» — нақты дәйектерге сүйене отырып, қысқа жазбаша немесе ауызша дәлелдеме дайындау (мысалы, «Сырбай Мәуленов неге майдангер ақын деп аталады?»);
- «Өзіңді бағала» — өзін-өзі бағалау парағы (чек-парақ): орындалған тапсырмалар тізімі бойынша «білдім / жартылай білдім / қарауым керек» деңгейін белгілеу.

Педагогикалық мақсаты

Бұл деңгейде басты міндет — енжар қабылдаудан белсенді талдауға көшу, цифрлық құралдармен жұмыс дағдысын (соның ішінде ЖИ-мазмұнды сыни бағалауды) қалыптастыру, құндылық негізінде рефлексия жасау дағдысын дамыту.

2.4. Жалпы орта білім беру деңгейі (10–11 сынып): «Зертте → Жаса → Ұсын»

«Зерттеуші емес — мазмұн жасаушы» жұмыс дәптері жоғары сынып оқушыларын толыққанды зерттеушілік-жобалық қызметке тартады. Бұл деңгейдің нәтижесі — 5–9 сынып оқушыларына арналған бірнеше деңгейлі викториналық ойындар мен көрнекі өнімдер; жұмыс моделі: бір шығарма → бір құндылық → бір ЖИ құралы → ойын (2.3-тарауда сипатталған).

Зертте: дереккөзбен жұмыс

- Оқушы Adebiportal.kz порталындағы ақынға қатысты толық мәтіндермен танысады (бұл — фактілерді тексерудің негізгі дереккөзі);
- Зерттелген материал бойынша ақынның шығармашылығы «Адал азамат» бағдарламасының қай бағыт(тар)ымен байланысты екенін анықтайды;
- Зерттеу барысында жасанды интеллект құралдарын (промпт арқылы ақпарат жинақтау, деректерді құрылымдау) қолдануға болады, бірақ ЖИ ұсынған әрбір факт міндетті түрде Adebiportal.kz немесе басқа сенімді дереккөзбен салыстырылып, сыни тұрғыда тексеріледі;
- «Сырбай әлемі» ойындарындағы әдеби-көркемдік талдау тапсырмаларын орындайды (метафоралық қолданыстарды белгілеу, «Адал азамат» құндылықтары мен азаматтық лирика әуендерін сәйкестендіру).

Жаса: екі бағыттың бірін таңдау

Оқушы төмендегі екі трактың бірін таңдап, өнім дайындайды:

Трек	Мазмұны
1-трек: Ойын жаса	5–9 сынып оқушыларына арналған бірнеше деңгейлі викториналық ойын құрастыру: бір шығарма → бір құндылық → бір ЖИ құралы → ойын. Сұрақтар жеңілден күрделіге қарай

	сатыланып, әр деңгейде тексеру критерийлері беріледі.
2-трек: Көрнекі өнім жаса	Форматы мен ЖИ құралын өзі таңдайды: иллюстрация немесе комикс кадры (ChatGPT, Gemini), қысқа бейнебаян не ролик (Google Vids), ән немесе саундтрек (Suno AI) — негізгі шарт: дереккөзге сілтеме және дәйектілік сақталуы.

Ойынды жариялау тәртібі. Оқушы ЖИ құралдарына мектеп аккаунты арқылы кіреді, жеке деректер енгізілмейді. Дайын ойынды мұғалімге тапсырады; мұғалім оның кірусіз, кодсыз басталатынын және деректердің дұрыстығын тексереді. Тексерілген ойын музей сайтының «Сабақта ойналатын ойындар» блогына қойылады, ал 5–9 сынып оқушылары оны «Ойнау» батырмасымен жеке ойнайды.

Ойын құрастыру ережесі: бір шығарма — бір ойын; ойын «Құндылықты тап», «Өлең құрылысын талда», «Тропты тап» кезеңдерінен тұрады; толық авторлық мәтін көшірілмейді; жалған дерек, ойдан шығарылған өлең жолы немесе тексерілмеген өлең құрылымы көрсетілмейді.

ЖИ құралын таңдау. 10–11 сынып оқушылары мектеп аккаунты арқылы жұмыс түріне қарай төрт құралдың бірін таңдайды: ChatGPT — сұрақтар мен тапсырма мәтіндерін жазу, редакциялау (өнімі: жоспар, сұрақ-жауап, мәтін); Gemini — ақпарат іздеу, мәтін мен суретті талдау (талдау, анықтама, сурет сипаттамасы); Google Vids — сурет, бейне үзінді, дауыс жазбасы мен мәтіннен бейнебаян құрастыру (қысқа бейнебаян, ролик); Suno AI — Сырбай өлеңдеріне ән жасау (ән, саундтрек). Higgsfield AI мен Google Flow 18 жастан бастап қолжетімді болғандықтан, оларды мұғалім ғана пайдаланады: оқушылар идея мен сценарий ұсынады, ЖИ-бейне мен кескінді мұғалім жасап, сабақта үлгі ретінде көрсетеді.

Ойын сұрақтары мына негізде құрастырылады: жәдігерді зерттеу; салыстыру мен талдау; әдеби-теориялық ұғымдар; шығармашылық тапсырмалар; рефлексия; бұрыш бойынша негізгі ақпарат.

ЖИ журналы (жасанды интеллект қолдану транспаренттілігі)

Әрбір оқушы жұмыс барысында арнайы «ЖИ журналын» жүргізеді — онда жасанды интеллекттің қатысуымен жасалған мазмұн мен өз бетінше жасалған мазмұн нақты ажыратылады. Журналда мыналар көрсетіледі: қолданылған ЖИ құралы, берілген промпт, алынған нәтиженің қандай бөлігі өзгеріссіз пайдаланылғаны, қандай бөлігі оқушының өз үлесі екені.

Ұсын: апробация және паспорт

- Дайын өнім (ойын не көрнекі материал) алдымен 5–9 сынып

оқушыларының шағын тобында сыналады (пилоттық апробация), кері байланыс жиналады;

- Кері байланыс негізінде өнімге түзету енгізіледі;
- Соңғы кезеңде «Жоба паспорты» ресімделеді — бұл ресми құжат, онда жобаның тақырыбы, авторы, мақсаты, қолданылған ЖИ құралдары мен промптар тізімі, оқушының жеке үлесінің сипаттамасы және апробация нәтижелері көрсетіледі.

Педагогикалық мақсаты

Бұл деңгейде оқушы зерттеуші, дизайнер әрі ұстаз рөлін бір мезгілде атқарады: дереккөзбен сыни жұмыс істеу, жасанды интеллектті адал әрі жауапты пайдалану, кіші буынға арналған оқу өнімін жасау және оны сынақтан өткізу дағдыларын меңгереді.

2.5. Үш деңгейдің қорытынды салыстырмалы кестесі

Параметр	3–4 сынып	5–9 сынып	10–11 сынып
Модель	Тап → Таны → Жаз	Ойна → Ойла → Біл	Зертте → Жаса → Ұсын
Негізгі әрекет	Заттық-бейнелі қабылдау	Ойын арқылы талдау	Зерттеу және жасампаздық
Негізгі құрал	«Қонжық» дәптері, QR-код	Сайттағы жеке ойнайтын ойындар	Adebiportal.kz, ЖИ құралдары
Жазба өнімі	Синквейн, акростих-крестсөз, сәйкестендіру	Талдау парағы, чек-парақ	Ойын/көрнекі өнім, Жоба паспорты, ЖИ журналы
Бағалау түрі	Мұғалім бақылауы	Өзін-өзі бағалау	Апробация + пилоттық кері байланыс

III БӨЛІМ. МУЗЕЙДІ ОҚУ ҮДЕРІСІНЕ КІРІКТІРУ ЖӘНЕ «ҚЫЗЫҚТЫ ҚОҢЫРАУ» ЖОБАСЫ

3.1. Музейдің білім беру кеңістігіне интеграциясы

Музейді білім беру кеңістігіне кіріктіру заманауи білім беру ұйымын дамытудың үш стратегиясын ескереді: қазіргі педагогикалық ғылым; білім беруді дамытудың мемлекеттік саясаты; музей педагогикасының білім беру жүйесіндегі орны. Қазіргі педагогикалық ғылым жаһандану жағдайында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықты бойына сіңірген саналы да парасатты тұлғаны тәрбиелеу қажеттігін көрсетеді.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының мақсаты — жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықты бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу. Оның негізгі міндеттері: ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығына, перзенттік парызды өтеуге тәрбиелеу; ұлттық мұраны қастерлеуге, мемлекеттік тілді, рәміздерді құрметтеуге, ел бірлігін сақтауға баулу; ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік пен әділдікті ұстануға және құқықтық мәдениетті қалыптастыруға бағыттау.

Музей педагогикасы — тұлғаның арнайы ұйымдастырылған заттық-кеңістік ортаға, көрнекті тұлғаның әлеміне енуі. «Енудің» тиімді нәтижесі музей мұғаліміне байланысты. Мектебіміз ақын Сырбай Мәуленов атында болғандықтан, бізге керегі — әдеби музей: белгілі қаламгердің туған жерінде немесе есімімен аталған мектепте ұйымдастырылатын музей түрі.

Кіріктірілген (интеграцияланған) сабақ

Музейді білім беру жүйесіне енгізудің тура жолы — кіріктірілген сабақ, яғни екі не одан көп пәннің мазмұнын бір тақырып төңірегінде біріктіретін сабақ түрі. Оның мақсаты: оқушының білімін практикалық тұрғыда қолдану; пәндік білімді тарихи-өлкетану мазмұнымен байыту; мәдени-рухани, ұлттық тәрбие беру; оқушыны шығармашылық-зерттеушілік әрекетке тарту. Сабақ мынадай ретпен ұйымдастырылады: тақырып пен мақсат айқындалады → пән мұғалімдері бірлесіп жоспар құрады → музеймен тығыз байланыс орнатылады. Сабақ құрылымы: кіріспе (музеймен танысу немесе видео) → негізгі бөлім (пәндік тапсырма мен шығармашылық жұмыс) → қорытынды (рефлексия, мини-жоба немесе көрме).

С. Мәуленов шығармаларын музейде кіріктіріп оқыту жоспары

№	Тақырып	Өткізу орны	Пәндер
1	Қонжықпен саяхат	Музейге экскурсия	Барлық пән
2	«Сырда туып, Қырда өстім»	1-бұрыш	Тарих, қазақ әдебиеті
3	«Соғыстан қайтқан солдаттар»	2-бұрыш	Тарих, музыка, география
4	«Әдебиет майданы»	3-бұрыш	Тарих, мәдениеттану
5	«Қолтаңбалы кітаптар»	4-бұрыш	Қазақ тілі мен әдебиеті
6	«Сыршыл ақын Сырбай»	5-бұрыш	Биология, өлкетану
7	«Өмірден қалған естеліктер»	6-бұрыш	Тарих
8	«Ақын жайлы мақалалар»	7-бұрыш	Тіл және әдебиет

№	Тақырып	Өткізу орны	Пәндер
9	«Сырбайтану жұмыстары»	8-бұрыш	Тіл және әдебиет
10	«Қабырғалар сөйлейді»	Музей залы / фойе	Көркем еңбек
11	Жасанды интеллект бойынша сабақ	Интербелсенді тақта	Информатика
12	Қорытынды сабақ	Кітапхана	Барлық пән

Кіріктірілген сабақ оқушының пәнге қызығушылығын арттырып, білімді өмірмен байланыстыруға және тарихи-мәдени құндылықты терең ұғынуға көмектеседі. Қорыта айтқанда, мектеп музейі — білім берудің қосымша, бірақ толыққанды нысаны бола алады.

3.2. «Қызықты қоңырау» жобасы

Жобаның мақсаты — үлкен қоңырау кезінде оқушының танымын арттыру және уақытты тиімді пайдалануға үйрету. Осы мақсатта нәтижеге бағытталған ойындар мен байқаулар ұсынылады: «Жалғасын тап» челленджі; «Ойлан тап» зияткерлік ойыны; ЖИ көмегімен әзірленген ойындар; «Жұлдызды жолбасшы» байқауы.

«Жұлдызды жолбасшы» байқауы

Байқау жыл бойы өтеді. Мақсаты — жәдігер тарихын жатқа білу, гид мамандығына машықтану, Сырбайтануды үйрене отырып үйрету. Шарттары: жәдігер тарихын жатқа білу; мүдірмей сөйлеу; тіл байлығы; тарихты шабытпен баяндау. Музейге кестеге сай сынып келеді: сынып жетекшісі 10 оқушыдан құралған топты бастап «үлкен қоңырауда» әкеледі. Әр бұрышқа жауапты жолбасшы өз бұрышын таныстырып, «Қонжықты» келесі жолбасшыға береді; осылайша барлық бұрыш 15 минутта таныстырылады. Келуші ұнаған бұрышына кері байланыс қалдырады (стикер немесе білім беру платформасы арқылы). Апта соңында дауыс беру нәтижесімен жеңімпаз анықталып, оқу жылы соңында бас жеңімпаз белгіленеді.

«Жалғасын тап» челленджі

Бірінші кезеңде мектеп дәлізінің төбесіне ақын шығармасынан үзінді (өлең, төрттаған, шумақ, қанатты сөз) ілінеді; оқушыға оны қоңырауда жаттап жүру тапсырылады. Екінші кезеңде жолбасшы қоңырауда рейдке шығып, кез келген оқушыдан жалғастыруды сұрайды. Осылайша өлеңді жатқа білетін оқушы анықталып, марапатталады. Мысалы, жолбасшы шумақтың алғашқы жолын айтады, оқушы жалғастырады:

«Өлеңім — сырласатын серігімсің,
Өзіммен бірге жасар өмірімсің.
Адамзат жүрегіне үңілгенде,
Әр уақыт сен арқылы мені білсін».

«Ойлан тап» зияткерлік ойыны

Ойын мектеп дәлізіндегі теледидар немесе интербелсенді тақта арқылы өткізіледі. Алдымен ақынның өмірі мен шығармашылығынан сұрақтар топтамасы әзірленеді. Оқушының жасына қарай тапсырма жіктеліп, деңгейіне қарай 10-нан 50 балға дейін беріледі. Оқушылар топпен немесе жұппен ойнап, жинаған ұпайы бойынша жеңімпазды өздері анықтайды. Төменде тарихи деректері біріздендірілген (1922–1993) сұрақ-жауап үлгісі берілген:

№	Сұрақ	Жауабы
1	Ақын қай жылы, қай күні туған?	**1922 ж. 17 қыркүйек**
2	Қай өңірде дүниеге келген?	**Сыр бойы (Қызылорда өңірі)**
3	Руы қалай аталады?	**Арғын — Аю**
4	Ұлының есімі кім?	**Қасым**
5	Тұңғыш өлеңі қай газетте, қай жылы жарияланды?	**«Колхозшы», 1937 ж.**
6	Алғашқы жыр жинағы қалай аталды, қай жылы шықты?	**«Өлеңдері», 1948 ж.**
7	«Жас жүрек» жинағы қай жылы жарық көрді?	**1956 ж.**
8	«Қорқақ торпақ» өлеңі қай батырға арналған?	**Амангелді Иманов**
9	Қай жылы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанды?	**1970 ж.**
10	Соғыста қай қаланы қорғауға қатысты?	**Ленинград**
11	Қай газеттің бас редакторы болды (1971–1977)?	**«Қазақ әдебиеті»**
12	Барлығы неше жыр жинағының авторы?	**40-қа жуық**
13	Қай жылы дүниеден өтті?	**1993 ж.**

Ойынның толық нұсқасы (презентация): Зияткерлік ойын — С. Мәуленов (цифрлық қор)

3.3. Жасанды интеллект арқылы «Қызықты қоңырауды» өткізу

«Smart bala» инновациялық жобасын білім беру платформалары арқылы жүзеге асыруға болады. Оқушы интербелсенді тақтадан ақын өмірі мен шығармашылығы бойынша білім сайысына түседі; жоғары сынып оқушысы топтық ойынды өзі құрастырады. Олар ChatGPT, Gemini, Google Vids, Suno AI секілді ЖИ құралдарымен тапсырма орындайды; үздік жұмыс интербелсенді тақта арқылы көпшілік назарына ұсынылады.

Аталған зияткерлік ойындар «Ұшқыр ой алаңы» жобасын жүзеге асыруға бағытталған — жоба белгілі тұлғалар бойынша зияткерлік ойын ұйымдастыруды ұсынады. Қорыта айтқанда, заман талабына сай ЖИ қосымшаларын кеңінен қолдануды үйрету — бүгінгі педагог алдында тұрған басты міндеттердің бірі.

IV БӨЛІМ. МУЗЕЙДІ БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНЕ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ

4.1. Музейдің оқу-тәрбие процесіне кірігуі

Музей материалдары жеке пәндермен (әдебиет, тарих, өзін-өзі тану) кіріктірілген сабақтарда, сынып сағаттарында, факультативтерде пайдаланылады. Әрбір деңгейлік жұмыс дәптері тиісті пән бағдарламасының тақырыптарымен үйлестіріліп жоспарланады.

Сынып	Пән	Кіріктіру формасы
3–4	Әдебиеттік оқу	Музей сабағы + «Тап → Таны → Жаз» дәптері
5–9	Қазақ әдебиеті, Өзін-өзі тану	Цифрлық ойын-сабақ + «Ойна → Ойла → Біл» дәптері
10–11	Қазақ әдебиеті, Жобалау қызметі	Зерттеу жобасы + «Зертте → Жаса → Ұсын» дәптері

4.2. Оқушы жобалары

Жоғары сынып оқушыларының 2.4-тарауда сипатталған зерттеу жобалары, ойын-сабақтары мен көрнекі өнімдері мектептің «Оқушы жобалары» банкіне (цифрлық қорға) жинақталып, келесі оқу жылдарында пайдалану үшін сақталады. Бұл — музейдің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін механизм: әр жаңа буын алдыңғы буынның жасаған өнімдерін толықтырады. Сыртқы цифрлық платформада жасалған ойындар да (мысалы, «Не? Қайда?» интерактивті ойыны) осы банкте жеке санатпен сақталады.

4.3. Ғылыми-практикалық конференциялар мен байқаулар

Музей материалдары негізінде дайындалған зерттеу жұмыстары мектепішілік, аудандық және республикалық ғылыми жобалар байқауларына, «Сырбайтану» тақырыбындағы дебат-турнирлерге ұсынылады. Музей екі байқаудың алаңы болып табылады. Біріншісі — «Астана дарыны» орталығымен бірлесіп өткізілетін қалалық «Сырбай мұрасы» байқауы (5–10 сынып оқушылары, төрт номинация). Екіншісі — «Сырбай мұрасы – заман үні» аймақтық конференциясы аясындағы байқау; оның төрт секциясы бар: «Сырбай поэзиясы және жасанды интеллект», «Ақын және заман» (пәнаралық әдістемелік кейс немесе жоба), «Сырбайға арнау» (арнау-толғау), «Мәңгілік жыр» (интерактивті

сайт немесе мобильді қосымша макеті). Екі байқауға да өтінім музей сайтындағы Google форма арқылы беріледі.

4.4. Музейдің цифрлық платформасы (веб-сайт)

Мектеп музейінің физикалық кеңістігі «Сырбай әлемі» атты («Сырбай әлемі — Сырбай Мәуленов әдеби музейі») цифрлық әдеби музей веб-платформасымен толықтырылған. Платформа ақынға арналған материалдарды, жұмыс дәптерлерін, оқушы жобалары мен байқау жүйесін бір тұтас цифрлық ортада біріктіреді және мектептің физикалық музейіне қосымша, оған қолжетімділікті кеңейтетін дербес құрал болып табылады. Платформаның мекенжайы: syrbai-museum-production.up.railway.app.

Платформаның үш бағыты

Бас бетте сайт үш негізгі бағытқа бөлінген, олардың әрқайсысы белгілі бір әрекетке бағытталған:

Бағыт	Атауы	Мазмұны
КӨР	Музей	Тақырыптық бұрыштар, түпнұсқа жәдігерлер және виртуалды экскурсия.
ЗЕРТТЕ	Сырбайтану	Ақын шығармалары, оқушы жобалары, оқырмандық жоба және ғылыми жұмыстар.
ЖАСА	Оқушы жобалары	Оқушылар ақын шығармаларын жасанды интеллект құралдарымен насихаттайды.

Сайттың негізгі бөлімдері

- «Сырбай туралы» — ақынның тұлғасы мен өмір жолы: 1922 жылдан 2017 жылғы музей ашылуына дейінгі оқиғаларды қамтитын интерактивті хроника, оны хроника және карта режимдерінде көруге болатын қос көрініс;
- «Мұрағат» — ақынның өз даусы жазылған телехабарлар, замандастарының естеліктері мен өмірбаяны туралы мақалалар, барлығы түпнұсқа ашық дереккөздерге сілтемемен;
- «Шығармашылық» — ақынның қырыққа жуық жыр жинағы, толық мәтіндері Adebiportal.kz порталына сілтеме арқылы берілген;
- «Сырбайтану — ғылыми-танымдық орталық» — «Зерттеу. Талдау. Дәлелдеу. Жасау. Таныстыру.» қағидатымен жұмыс істейтін бөлім: «Адал азамат» бағыттары бойынша топтастырылған өлеңдер (алты бағыттың толық кестесі жеке бетте берілген), оқушылар жасаған

цифрлық өнімдер (сториборд, электрондық кітапхана, AI-ән, презентация, комикс, мультфильм, бейнебаян, жарнама), «12 ай – 12 кітап» жылдық оқырмандық жобасы және ғылыми жұмыстар бөлімі;

- «Музей» — «Мектептегі әдеби музей: көру, оқу, зерттеу, ойнау» тақырыбымен ұсынылған, екі ішкі бағытқа бөлінген бөлім: мұғалім жүргізетін «Жанды сабақ» (40 минуттық музей сабағы, деңгейлік жұмыс дәптерлері, «Сабақта ойналатын ойындар» блогы — 5–9 сынып оқушылары «Ойнау» батырмасымен тіркелусіз, жеке ойнайтын ойындар («Сырбай әлемі — бір шығарма, бір ойын» сериясы), сондай-ақ 10–11 сыныпқа арналған «ЖИ құралын таңдау» бөлімі (ChatGPT, Gemini, Google Vids, Suno AI) мен жұмыс алгоритмі) және оқушылардан құралған жолбасшылар жүргізетін «Жас музейші» (тақырыптық бұрыштар, «Жұлдызды жолбасшы» байқауы);
- «Байқау» — «Астана дарыны» орталығымен бірлесіп ұйымдастырылатын қалалық «Сырбай мұрасы» байқауы: төрт номинация («Жыр-Сырбай», «Сырбай бейнесі — цифрлық әлемде», «Сырбайша толғау», «Сырбай поэзиясы — трендте») және қатысу үшін төрт қадамдық онлайн өтінім жүйесі; сонымен қатар жеке бөлімде «Сырбай мұрасы – заман үні» аймақтық конференциясы аясындағы байқау берілген: төрт секция және Google форма арқылы тіркелу;
- «Медиа» — мектеп пен музейдің ресми арналарындағы фото, видео және жаңалықтар топтамасы;
- «Қонжықтан сұра» — музейдің бойтұмары «Қонжық» бейнесіндегі интерактивті чат-көмекші, ол ақынның өмірі, жәдігерлер мен музей бұрыштары туралы сұрақтарға жауап береді.

Педагогикалық және ұйымдастырушылық маңызы

Цифрлық платформа мектеп музейінің жұмысын бірнеше бағытта кеңейтеді: біріншіден, жұмыс дәптерлерін онлайн ашу немесе PDF түрінде жүктеп алу мүмкіндігін береді; екіншіден, 10–11 сынып оқушылары құрастырған цифрлық ойындар мен өнімдерді сақтайтын тұрақты қорға айналады; үшіншіден, «Сырбай мұрасы» қалалық байқауына және «Сырбай мұрасы – заман үні» аймақтық байқауына қатысуды онлайн өтінім арқылы жеңілдетеді; төртіншіден, музейдің беделін мектеп қабырғасынан тыс — қала, республика деңгейінде — таныстыруға мүмкіндік ашады. Осылайша веб-платформа физикалық музей мен деңгейлік жұмыс дәптерлерінің (2-бөлім) табиғи жалғасы әрі цифрлық көшірмесі қызметін атқарады.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

«Мектеп музейінде тұлғатануды жүргізудің заманауи әдістері» әдістемелік құралын мектеп музейі базасында жүзеге асыру барысында мынадай нәтижелер күтіледі:

1. **Музей — ашық білім беру кеңістігі ретінде.** Мектеп музейі «көрме» деңгейінен оқушының тарихи санасын қалыптастыратын, зерттеушілік қабілетін дамытатын және ұлттық құндылықты сіңіретін белсенді оқу ортасына айналады.
2. **Тұлғатанудың жүйелі моделі.** Есімі берілген тұлғаны зерттеу бір реттік экскурсиямен шектелмей, бүкіл оқу жылына арналған жоспар негізінде жүргізіледі.
3. **Кәсіптік бағдардың қалыптасуы.** Оқушы гид-экскурсовод, архившы, кітапханашы және педагог мамандығының қыр-сырын меңгеріп, алғашқы кәсіби дағдысын қалыптастырады.
4. **Функционалдық сауаттылықтың артуы.** Жолнұсқаулық пен жасанды интеллект тапсырмалары арқылы оқушының мәтінмен, деректі көзбен және цифрлық құралмен жұмыс істеу дағдысы дамиды.
5. **Құндылықтық ұстанымның орнығуы.** «Адал азамат» бағдарламасының алты бағыты ақын шығармашылығы арқылы саналы қабылданады.

Күтілетін нәтижеге жетудің басты тетігі — дәстүрлі музей педагогикасын заманауи технологиямен және жаңа тәрбие идеологиясымен ұштастыру: жасанды интеллект арқылы экспозицияны «сөйлету» және оқушыны пассивті тыңдаушыдан белсенді зерттеуші деңгейіне көтеру; «Қызықты қоңырау» форматы арқылы музейді мектептің күнделікті тіршілік орталығына айналдыру; тұлғатануды барлық пәнмен кіріктірудің нақты алгоритмін қолдану.

Бұл әдістемелік құрал С. Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицейінің тәжірибесі негізінде жасалған және еліміздің басқа білім беру ұйымдарындағы мектеп музейлерінің жұмысын жаңғыртуға арналған әмбебап үлгі бола алады. Ол оқушының ұлттық рухы биік, заманауи технологияны еркін меңгерген «Адал азамат» болып қалыптасуына негіз қалайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
2. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы. ҚР Оқу-ағарту министрлігі, 2024.
3. Мәуленов С. «Жолдас»: өлеңдер жинағы. — Алматы, 1954.
4. Мәуленов С. «Жас жүрек»: өлеңдер мен поэмалар. — Алматы, 1956.
5. Мәуленов С. «Барлаушы бала»: балаларға арналған өлеңдер. — Алматы, 1961.

6. Мәуленов С. «Қорқақ торпақ»: әңгімелер мен өлеңдер. — Алматы, 1968.
7. Мәуленов С. «Қызыл арша»: жыр жинағы. — Алматы, 1969.
8. Әлімбаев М. «Заңғардың зәулімдері»: эсселер жинағы.
9. Мәуленов Қ. «И жизнь моя благодаря отцу»: естеліктер.
10. Сырбай Мәуленов. Ақынның толық мұрасы — Adebiportal.kz
11. «Сырбай Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицей» — музей беті

Қосымшалар. Сілтемелер жинағы

Барлық қосымша материал музей сайтында, музейдің цифрлық қорында (Google Drive) және ашық интернет дереккөзінде сақталған. Файлдар өзгертілмейді — олар түпнұсқа күйінде беріледі.

1. Музей сайты және цифрлық қор

• Музей сайты (барлық материал): syrbai-museum-production.up.railway.app
• Жұмыс дәптерлері (жалпы): музей сайты — «Жұмыс дәптерлері»
• Бастауыш деңгей (3–4): «Алақай! Музейде балақай» жұмыс дәптері (PDF)
• Негізгі орта деңгей (5–9): «Сырбай әлемі» жұмыс дәптері (PDF)
• Жалпы орта деңгей (10–11): «Зерттеуші емес — мазмұн жасаушы» жұмыс дәптері (PDF)
• «Адал азамат» бағыттары бойынша өлеңдер кестесі: adal-azamat.html
• Сабақта ойналатын ойындар: музей сайты — «Жанды сабақ»
• Бойтұмар материалдары: «Қонжық»

2. Ақын мұрасы мен зерттеулер

• Өмірбаяны және шығармалары: Adebiportal.kz
• Кітаптары: Adebiportal.kz — кітаптар
• Ұлықбек Есдәулет. «Сырнай сазды Сырбай ақын» эссесі: Adebiportal.kz
• Поэзиясының тілі мен образдар жүйесі: El.kz
• Отбасы мен шығармашылығы (С. Қирабаевтың бағасы): Sputnik.kz

3. Телемұрағат және дыбыс жазбалары (Altyn Qor)

• Деректі хабар: «Ұмытпаңдар мені»
• Тұлғасы туралы: «Жарқын бейне»
• Ақынның өз даусы: «Кездесу»
• Мұрасына арналған хабар: «Сөнбес сәуле»
• Ретро әндер жинағы: Altyn Qor — аудио
• 100 жылдыққа арналған эфир: «Ұмытпаймыз» (YouTube)